

**"Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтерін бекіту туралы" Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 217 қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Оңтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2016 жылғы 18 наурыздағы № 73 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 1 сәуірде № 3681 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27 бабының 2-тармағына сәйкес Оңтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2015 жылғы 13 шілдедегі № 217 "Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативтерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеудің тізілімінде № 3266 болып тіркелген, 2015 жылғы 30 шілдеде "Оңтүстік Қазақстан" газетінде жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының "Сатып алынатын ауылшаруашылық өнімдерінің бірлігіне арналған субсидиялар нормативі" деген қосымшасында:

"Сары май өндіру үшін" деген бағанда "16" саны "12" санымен ауыстырылсын.

2. "Оңтүстік Қазақстан облысы Әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялануын;

2) осы қаулыны Оңтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары С.Қ.Тұяқбаевқа жүктелсін.

*Облыс әкімі*

*Б.Атамқұлов*

*Д.Сатыбалды*

*Б.Жылқышиев*

*С.Қаныбеков*

*Е.Садыр*

*Ұ.Сәдібеков*

*С.Тұяқбаев*

*А.Абдуллаев*

*К.Мендебаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК